

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

**«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

I КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

**«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

I КНИГА

**Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

УДК 82.83

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Иманбекова Калдыгул Сиазбековна

магистрант 2 курса

қазақ тілі және әдебиет кафедрасы

көп тілді білім беру факультеті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа

Шешендік өнер – сирек ұшырасатын қасиет. Шешендік өнер – тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық алдында шығып, терең ой, ұтқыр шешім, тапқыр қисынмен елді ауызына қарата алатын сөз шебері. Бұл мақалада шешендік өнердің қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдері қарастырылады.

Түйінді сөздер: риторика, софистика, ораторлық қасиет, эллинистикалық кезең.

Аннотация

Ораторское искусство – редкое качество. Это искусство построения и публичного произнесения убедительных и красочных речей с целью оказания желаемого воздействия на аудиторию. В данной статье рассматриваются основные этапы становления и развития ораторского искусства.

Ключевые слова: риторика, софистика, ораторское качество, эллинистический период

Abstract

Oratory is the art of constructing and publicly delivering persuasive and colorful speeches in order to create the desired impact on an audience. This article discusses the main stages of the formation and development of oratory.

Key words: rhetoric, sophistry, oratorical quality, hellenistic period

Шешендік сөз – қазақ әдебиетінің ерекшелігін көрсететін негізгі жанрлардың бірі. Жанр мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш салаға бөлінеді. Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша шығып, ауызша таралған. Шешендік сөздің тілі көркем, мағынасы терең болумен бірге сөздері сұрыпталған, сөйлемдері қалыптасқан болып келеді, бірен-саран өзгерістер енгізу болмаса, түпнұсқаға түбегейлі өзгеріс жасау ақын, шешен адамдар болмаса, кез келген кісінің қолынан келе бермейді. Шешен сөзде айтушы мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады. Оны істеу үшін шешендер жай байымдаушыларша айтқан сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етеді. Сондықтан шешен сөздің «қыздырма» яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады. [1, 100б.].

Шешендік өнер – ежелгі Грекия мен Рим өміртіршілігінде, мәдени және рухани дамуында ең маңызды рөл атқарды. Б.з.б. V ғасырда Грек–парсы соғысы аяқталғаннан кейін шешендік сөздерді қолдану қарқыны күшейді [2, 187]. Сөз – қай ғасырда болсын тәрбие құралы. Шешендік сөз қоғамдағы келеңсіздікті сынап, топ алдына шығара айта алатын тәрбиелік, саяси және ортақ идеологиялық шешімдерді

шығаруда да басты қызмет құралы болды. Кез келген шешендік сөз бір ұлт, ел, көпшілік сөзін сөйлеп немесе белгілі бір топ мақсат–мүддесіне қарай құралды. Грециядан кейін шешендік өнердің ерекше дамыған елі Рим. Цицеронның мәлім–деуінше, Римде сөз құдіретіне ие болған адамға тәңіріндей табынған. Олар «адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі – қолбасшылық, екіншісі

– шешендік» деп білген, яғни бұл елдерде шешендік өнерді «риторика» деген ат пен жеке пән ретінде оқыған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. Көне Рим шешендік өнердің үш аршыңы деп Цицеронды таниды, яғни Марк Тулий Цицерон – шешендік өнердің көне римдік теоретигі. Ол өзінің шешендік өнер қақындағы ұлы ойларын «Шешендік өнердің үш трактаты» еңбегінде зерделеп қалдырды. XVII ғ. Француздың Жан–Жак Руссосы, Жан Поль Мараттың, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында Г.В. Плеханов, В.И. Ленин, А.В. Луначарский сынды шешендердің өмірге келуі кездейсоқ емес–ті.

Ресейдегі шешендік өнердің негізін салған атақты орыс ғалымы М.В. Ломоносов болды. Ол алғашқы болып орыс тілінде «Краткое руководство к красноречию» деген теориялық еңбегін жазып жариялады.

Шешендік өнердің туып, қалыптасуы қоғамның пайда болуымен байланысты деген пікірді қазақ шешендік өнерінің даму тарихы да дәлелдейді. Тарихи–аңыз әңгімелерге, кейбір жазба деректерге қарағанда қазақтың шешендік өнері алғашқы хандықты құрысқан Майқы би, Аяз билермен (XII–XIII ғасырлар) Асан қайғы, Жиренше шешендермен (XVII–XVIII ғасырлар) тығыз байланысты.

Жиренше шешен. Ұлттың зердесінде сақталған, жадында жатталған жезтаңдай шешендігімен аты шыққан, үздік жаралған мінсіз жарқын бейненің бірі – азуы алты қарыс Жиренше шешен. Аңыздарды сөйлетсек, атақты ділмар Қасым ханның әкесі Өз Жәнібек ханмен (1406–1473 жылдар шамасы) замандас. Халық аңыздары бойынша, Жиренше шешен кедей адам болған. Ол дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз–әңгімелер мен шешендік сөздер көп.

Жиреншенің айтқан нақыл сөзі:

- *Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен бірдей,*
- *Шешесі өлген – ағар бұлағы суалғанмен бірдей.*

Асан қайғы:

- *Мінезі жаман адамға – енді қайтып жуыспа*
- *Тәуір көрер адаммен – жалған намыс қуыспа.*

Қазақ тарихын зерттеуші Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан қайғы – атақты Шыңғысханның тұсында болған Майқы бидің алтыншы ұрпағы деп жазылған.

Тарихымызға да әдебиетімізге үңілсекте әр заманда билеген хандардың тұсында терең ойлы, тапқыр тілді, азулы алғыр шешендер тұратыны сөзсіз.

Ал, хандықтың нығайған кезінде, яғни Төле би, Қаздауысты Қазбек, Сырым батыр өмір сүрген замандарда (XVII–XVIII ғасырлар) шешендік өнер өзінің даму дәуіріне жеткен [3, 6б].

Аңыз–әңгімеге сенсек, Қазыбек он төрт жасында Тәуке ханның белгілі би–батырлары бастаған елшілігіне ілесіп, алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барады. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» – деп жұлқынып алға шығады да: «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт–береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм–тұзын

ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.

Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ–қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – депті.

Жас баланың бұл сөздерінен батырлық пен ынтымаққа шақырған ізгілікті аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген екен.

Қазыбектің батылдығы мен шешендігінің арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынын босатып, елге олжалы оралған екен.

Міне, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, қылыштан өткір қызыл тіл иесі, қара қылды қақ жарған әділ тұлғалар ғана би бола алған. Шын билер барынша әділ баға беріп, әділ шешім шығаруға тырысқан.

Қаз дауысты Қазыбек би Төле би дүниеден өтті деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеде әділет өлді десейші» деп жер таянып жылаған дейді. «Тумысы бөлек жақсы адам, ерекше келер басқадан» деп қазағым тегін айтпаған болар. Ал алтын көрсе жолдан таймай, ақ жібектен таза болып өмірден өту екі адамның бірінің пешенесіне жазылмаған. Бидің де биі болған, билік жүргізген тұсында болыс пен патшалардың ішінде де сөзден жығылып, артынан сөз ергізіп, билігінен айырылып қалған би–болыстарда бар. Бір–екі дерек келтірейін. Ол үшін Абайдың әкесі, аға сұлтан Құнанбайды алайық. Мұны «Абай жолы» романынан оқисыз. Иә, сонымен бірде құдық пен жайылымға таласқан екі рулы елді біріктірмек болған Құнанбай бұл міндетті сол елдің белді азаматы Сүйіндікке жүктеп, шекараға сызық жүргізгенде өзі оның соңынан еріп отырады. Бір жерлерге келгенде, Сүйіндіктің шекара бөлісіне көңілі толмаған Құнанбай оны тоқтатып, «шекараны дәл сызбай, ауытқып барасың ғой» десе керек. Сонда Сүйіндік «Құнеке, мен қойдың ізімен емес, Аллах нұсқаған бағытта жүріп келемін» деп, Құнанбайдың қолдау білдіремін деп екінші жақтан он шақты қой алғанын бетіне басыпты. Әрине, ел алдында адал болуға ант беріп, оны бойына бойтұмар етіп таққаннан кейін сол жолынан таймай әділ шешім шығару біртуар дана тұлға, ақтан жаралған әділ биден ғана шығады. Бұл да бір шешендік өнердің билік жүргізудегі маңызды ерекшелігі.

Әдебиетіміздің қай саласына тоқтасақ та, Абай атамызға тоқтамай кету мүмкін емес. Сөз өнерінің жілігін шағып, майын ішкен ақынымыз Абай атамыз екені мәлім. Ақын «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп жөн–жосығымен, орын–орынымен айтылған сөздің қадіріне жетуге шақырған. Үстем тап өкілдері Абай сықылды сыншы ақындар мен шешендердің сөздерін ұнатпаса да, бірақ өздерінің саясатын жүргізу де, елді билеу мақсатында жақсы игергені белгілі [3].

Қазақ шешендік өнерін зерттеу Қазан төңкерісінен кейін қолға алынды. Ата–бабамыздың, шешендер мен билердің қызыл тілінен шыққан сүбелі сөзді зерделеп, ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұраны халқына жеткізуде жазушылар мен зерттеушілердің үлесі зор.

Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да бай ауыз әдебиеті бар. Жазушы шеберлігін, жалпы тіл мәдениетін көтеруде шешендік сөздерді, сондай–ақ мақал–мәтелдерді мұқият жинап, зерттеп, сұрыптап жариялаудың әдеби мәні зор.

Әдетте, шешендік өнер айтыста, дауларда дамиды, сондықтан ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс–бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары және халық жиналатын тойлар, міне, шынайы ше–

шендер, саяси қайраткерлер сөз сайсына түсетін, сыннан өтетін және шындалатын орындар—осылар болған. Дүние жүзіне есімдері әйгілі шешендердің, көбінесе, мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны ешкімге құпия сыр емес. Мәселен, ежелгі Афин (грек) шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерондар әуелгі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Сол сияқты атақты қазақ шешендері Төле би, Қаздауысты Қазбек, Қаражігіт, Әйтекелер би болғаны мәлім.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнердің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ шешендердің сөздері ауызекі айтылып, қағазда емес, ауызда—халық жадында сақталып, бізге жеткенін жақсы білеміз. Сондықта бастапқы қалпында жеткізілмегені айдан анық. Олардың өзі ауыздан ауызға көшіп жүріп өңдеулерге көп ұшараған деуге де болады. Қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы зертеушілерінің бірі Ш.Уалиханов былай дейді: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге пәтен сияқты нәрсеге айналған.

Шоқанның бұл пікіріне қарағанда, қазақ қауымында би атағын алу үшін екі шарт керек сияқты: бірінші—әдет—ғұрып заңын жақсы білу, екінші—шешендік қабілеті болуы. Дәл осыған ұқсас пікірді хакім Абай да айтқан «*Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Өз—Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек.* Яғни, Абай мен Шоқан бұл пікірлерімен хәм заманнан шешендік сөз өнері дау шешіп, билік—бітім сөз сөйлеу үшін ідет заңын білумен бірге шешендік өнер—патент сияқты маңызды рөл атқарғанын орынды көрсетеді.

Сөйтіп, «шешендік сөздер» бірыңғай шешендердің айтысын немесе билердің дауын бейнелемейді, сонымен бірге халық даналығынан туған асыл ойларды, өсиет—насихат сөздерді, өткір мысқыл, әзіл, тапқырлық сындарды, т.б. қамтиды.

Міне, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — ел азаматтарына ой салайық, қазақ халықы ақындық пен шешендік өнерге айырықша мән берген. Ақын мен шешен қазақ ауылының ең қадірлі қонағы болған, халық оларға есігін айқара ашқан. Сөз өнеріне, өнерлі адамға деген құрмет түптеп келгенде, халық ауыз әдебиетінің, соның ішінде шешендік өнердің өркендеуіне себеп болған. *Қазақ — сөз қадірін өз қадірім деп білген халық.* Кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Сөз өнерін дәріптеу, дәстүрді жалғастырту, оны кейінгі ұрпаққа мирас ету өскен, жетілдім деген елдің парызы болмақ. Қазіргі таңда ораторлар мен мотиваторлар қоғамда маңызды рөл атқарады. Кешегі жезтаңдай, айыркөмей шешендердің жалғасы бүгінгі ораторлар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. — Алматы: «Атамұра», 2003.
2. Лосев А.Ф., Сонкина Г.А. Тахо—Годи, А.А., др. Античная литература. Учебное пособие. . — Москва: Изд. «Просвещение», 1980.
3. Адамбаев Б. Асыл қазына. — Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2009..
4. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. — Алматы: «Отау» баспасы, 1992..

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ



ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

Сеитбек Бекенович Куанышбаев , география ғылымдарының докторы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма - Төрағасы - Ректоры	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Eva Smetanová	Education as a tool for cultural dialogue	6
Алиева Эльмира Максutowна	Основные принципы формирования ценностей и интересов у обучающихся в условиях образовательной среды	8
Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна	Роль, значение и пути реализации воспитания подрастающего поколения на основе национальных ценностей в организациях образования костанайской области	13
Өтелбаева Салтанат Амантайқызы	Ыбырай жайында табылған тың деректер	17
Бектурганова Римма Чингисовна	Развитие инструментов формирования исследовательской культуры у будущих педагогов	20
Моисеева Людмила Владимировна, Балюкова Татьяна Владимировна	Формирование экологической картины мира есть новое направление развития образования России	26

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**



**ЦЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:
ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ**

Абатов Нурлыбай Тулепбергенович, Кадырова Айгуль Кеулимкосановна	Жастарға ұлттық тәрбие берудің мақсаты	30
Абдикирова Динара Аманжоловна	Тәрбие негізі–ұлттық құндылықтарда	34
Абдимоминова Дилдаш Каппаровна, Омарова Дильназ Кенжебековна	Құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құрудағы геймификацияның рөлі	37
Абдуллина Татьяна Владимировна	Проблемы и возможности культурно–ценностной образовательной среды для развития функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы	42
Абитова Вера Анатольевна	Формирование гармонично развитой личности дошкольников на основе ценностей через программу воспитания «Біртұтас тәрбие»	46
Айдарханова Айымгуль Мейрамбаевна, Нурмуханбетова Нургуль Нуркеновна	Формирование интереса к предмету химия через межпредметную связь	51
Айзверт Виктория Александровна, Шпехт Наталья Васильевна	Интеграция национальных ценностей в образовательный процесс младших классов на уроках литературного чтения, математики и изобразительного искусства	57
Аймуханова Карина Темировна	Научное видение понятий «инклюзивное образование», «менеджмент инклюзивного образования»	60
Акишева Балайым Жансеитовна, Айнабекова Акмарал Сабитовна	Білім саласындағы тәрбие құндылықтары: тәжірибе, мәселе, шешім ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	63
Аликин Марк Игоревич, Лукьянченко Наталья Владимировна	Субъективное восприятие подростками – единоборцами занятий спортом	66
Алпысбаева Айнагуль Темирханговна, Карибаева Динара Булатовна	Роль и значение инклюзивного образования в современной школе	71
Альбекова Айжан Турсунбековна	Патриотическая направленность песен Розы Рымбаевой	74
Альдикенова Анар Альмухановна	Ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық әдістемелер: жастар тәрбиесі мен білім берудегі өзара ықпалы	79
Амантаева Айгуль Багитжановна	Природа философии знания	83

1 СЕКЦИЯ

Амирхамзин Наурызбай Касенғалиевич	Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы шығармашылық әрекеті	86
Амрина Аклима Алпамышевна	Білімалушылардың негізгі құндылықтарды игерудегі «Біздің өлке» электрондық құралының орны	92
Анцупова Светлана Николаевна	Инклюзивное образование на уроках физической культуры в общеобразовательной школе	97
Аралбаева Айгүль Кенесовна	Ценности воспитания в образовании: анализ опыта и перспективы	99
Аргимбаев Темирлан Ерланович	Сокровища прошлого: сущность традиционных ценностей в современном воспитании	105
Атабаева Динара Хамитовна	Воспитание детей и молодежи в системе образования казахстана: ценности, вызовы и пути решения	109
Аухатова Рза Жансултанова, Мурзағалиева Кенжегүль Зайнуллиновна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жастарды тәрбиелеудің негізгі құндылықтары	113
Аушамина Гулжан Заркимовна, Баймағанбет Маржан Мәлікқызы	Балалар арасында рухани және моральдық құндылықтардың өзгеруі: себептері мен шешу жолдары	117
Ахметғареев Дамир Рифағатович	Формирование экологической культуры через исследования: воспитание сознательности и ответственности	121
Ахметова Аймкуль Кадирбаевна, Жакаева Салтанат Ануарбековна	Концептуально–дидактическая модель подготовки студентов для музыкально–образовательной деятельности	126
Ахметова Данагул Нурмуханбетовна	Қазақ жұмбақтарындағы ұлттық дүниетаным көрінісі	131
Ахтай Жансая Маратқызы, Құлжанова Бақытгүл Райханқызы	Балалар мен жастарды тәрбиелеуде қазақ тілді жаңалық мәтіндеріндегі неологизмдер мен терминдердің рөлі	135
Аяпбергенова Алмагүль Бахитжановна	Бастауыш мектептегі заманауи тәрбиенің құндылықтары	139
Бабич Светлана Сергеевна	Формирование профессионально–личностных качеств будущего хореографа в процессе обучения в вузе	142
Баякенова Мадина Кусмановна	Роль образования в формировании ценностных ориентиров подрастающего поколения	146
Баженкова Наталья Владимировна, Магун Татьяна Ярославовна	Определение уровня стрессоустойчивости студентов института физической культуры	150
Баженова Эльмира Даулетхановна, Сәбит Айгүл Ғаниматқызы	Болашақ әлеуметтік педагогтың толеранттылығын қалыптастыру мәселесі	153

1 СЕКЦИЯ

Базарбаева Балганат Еркимбаевна	Тарихи тұлғалар жайлы білім беру арқылы жас буынды патриотизмге тәрбиелеу жолдары	157
Байгентов Бауржан Булатович	Воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного специалиста как важнейший фактор развития казахстанского общества	160
Баймаганбетова Айгерим Прмановна	Эссе как инструмент развития ключевых компетенций в цифровую эпоху: практический аспект	164
Байтенова Ляззат Бактыбековна	Платформа «qabilet»: современные решения для диагностики, профориентации и поддержки учеников	167
Байтикенова Умутгуль Какимбековна	Қазақстан тарихын оқытуда білім алушылардың тарихи құндылығын қалыптастыру	171
Бакатова Гульнара Актасовна	Современное воспитание: путь к гармоничному обществу	175
Бандурина Любовь Владимировна, Головки Наталья Григорьевна	Решение конфликтов в системе «семья–школа–общество»: пути и инструменты	180
Бекенова Салтанат Калихановна	Ақын Тұманбай Молдағалиевтің тұмадай тұнық жырлары	185
Бексултанова Раушан Каиржановна, Карашинова Алмагуль Серикбаевна	Мектептегі гуманитарлық пәнді концептуалды оқыту мен құндылықтар	190
Бектұрғанов Қуаныш Берікболатұлы, Әлім Назгүл Әлібекқызы	Оқушыларға тарихи сананы қалыптастырудағы «Қазақ халқының ұлт–азаттық көтерілістері» бағдарламасының рөлі	193
Беликов Илья Вячеславович, Чаплыгина Елена Владимировна	Физическая культура в системе физического воспитания в общеобразовательных учреждениях и высших учебных заведениях	198
Биримжанова Айгуль Каримовна, Ерманова Айгуль Боранбаевна	Дебат технологиясын білім беру үдерісінде пайдаланудың маңызы және практикалық нәтижелері	201
Бисекенова Айкенже Сериковна	Көркем еңбек арқылы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу: тәжірибе, проблемалар және шешімдер	206
Блохина Светлана Ивановна	Интеграция ценностей в образовательный процесс: формирование гармоничной личности через развитие одаренности младших школьников	209
Бойко Елена Александровна	Речевое развитие как фактор воспитания и социализации детей с кохлеарной имплантацией в условиях специального дошкольного учреждения: опыт, проблемы, направления	214
Бокубаева Мария Жанабилловна, Бузанова Лямзия Амантаевна	Ценности воспитания: симфония традиций и современности	218

1 СЕКЦИЯ

Болотько Елена Николаевна	Системный подход к формированию экологической культуры обучающихся	223
Бондаренко Марина Ивановна	Ценности воспитания на уроках русского языка и литературы: фундаментальные основы и пути их развития	226
Бондарь Виктория Сергеевна	Роль учителя в формировании моральных ценностей у учащихся начальных классов	230
Брянова Айсзуле Есимжановна, Ибраева Гульнара Айтбаевна	Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты дамыту	234
Бублий Константин Григорьевич	Steam–технологии на уроках художественного труда : синтез и творчество науки	238
Буляканова Юлия Маратовна, Демисенова Шнар Сапаровна	Методы диагностики уровня развития социального интеллекта студенческой молодежи	243
Бурбаева Лаура Ахатовна	Исследовательские навыки в условиях инклюзивного образования	248
Бушенеева Култай Бияхметовна, Сагадиева Кенжегуль Биахметовна	Жаратылыстану бағытындағы пәндерін интеграциялауда жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру	252
Винникова Лидия Васильевна, Кравченко Ольга Александровна	Воспитание духовных ценностей в контексте изучения лексических тем на уроках русского языка в старших классах	255
Вяжевич Анна Викторовна	Роль интегрированных уроков истории в совершенствовании гражданского образования	259
Габайдулина Алёна Тимуровна, Пузеп Любовь Геннадьевна	Тревожность младших школьников как психолого–педагогическая проблема	263
Гаврилова Любовь Максимовна	Воспитательный потенциал учебных дисциплин педагогического образования	266
Гавриляк Инна Михайловна, Солоха Ирина Константиновна	Изучение родного края как средство гражданско–патриотического воспитания младших школьников	269
Гаркуша Ольга Николаевна	Формирование гармоничной личности через единство образования и воспитания	274
Гелисханов Сергей Сергеевич, Гелисханова Анастасия Андреевна	Эффективность волейбольных секций в образовательных учреждениях: опыт и перспективы	277
